

Өнімнің экспорты мен импортын лицензиялау бойынша қызметке қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 949 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 18 наурызда № 13512 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 425 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 09.06.2023 № 425 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы 12-бабының 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Өнімнің экспорты мен импортын лицензиялау бойынша қызметке қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустріялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (А.Қ. Ержанов):

1) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушы

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2016 жылғы 25 қаңтар

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қорғаныс министрі

_____ И. Тасмағамбетов

2016 жылғы 11 қаңтар

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Сыртқы істер министрі

_____ Е. Ыдырысов

2015 жылғы 4 желтоқсан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы

_____ В. Жұмақанов

2015 жылғы 28 желтоқсан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 22 желтоқсан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрі

_____ К. Қасымов

2015 жылғы 23 қараша

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрі

В. Школьник

2016 жылғы 15 ақпан

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрі міндеттін
атқарушының
2015 жылғы 29 қыркүйекте
№ 949 бүйрығымен бекітілді

Өнімнің экспорты мен импорттың лицензиялау бойынша қызметке қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесі

Ескеरту. Тізбе жана редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 28.05.2019 № 333 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік жиырма бір күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

Тарату 1. "Экспорттық бақылауға жататын өнімнің номенклатурасын (тізімін) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 5 ақпанды № 104 қаулысына сәйкес өнімнің экспорттың лицензиялауға арналған біліктілік талаптары және оларға сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесі.

p/c №	Біліктілік талаптары	Құжаттар	Еске rptpe
1	2	3	4
1	Сыртқы сауда қызметін жүзеге асыруға тараптардың ниетін растау	Сыртқы сауда шарты (келісімшарт), оған барлық қосымшаларымен және (немесе) толықтыруларымен бірге, сыртқы сауда шарты (келісімшарты) болмаған жағдайда – тараптардың ниеттерін растайтын өзге де құжат	Әскери мақсаттағы өнімді сыртқы сауда шарты (келісімшарты) немесе басқа да құжаттар (түпкі пайдалануши) шарттарымен экспорттау кезінде, импорттаушы тараптар ниетін растайтын, өнімнің жеткізілуін растау сертификатын ұсыну туралы көздеу қажет.
2	Егер өтініш беруши ретінде делдал шығатын болса, өнімді сатып алу жөніндегі тараптардың ниетін растау	Сыртқы сауда шарты (келісімшарт), оған барлық қосымшаларымен және (немесе) толықтыруларымен бірге, сыртқы сауда шарты (келісімшарты) болмаған	Мәмілеге қатысушылар арасындағы шарттар Қазақстан Республикасының өндірушісінен бастап экспорттаушыға дейін ұсынылады. Қазақстан Республикасы Корғаныс министрлігінің немесе оның құрылымдық бөлімшелерінің әскери

		жағдайда –тараптардың ниеттерін растайтын өзге де құжат	максаттағы өнімін экспорттаған жағдайда, Қорғаныс министрлігінен бастап экспорттаушыға дейін барлық мәміле қатысуышылары арасында шарттар ұсынылады
3	Өнімді айналымына (пайдалануға) байланысты қызметті жүзеге асыруға лицензияның болуы	"Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 16 мамырдағы сәйкес тиісті қызмет түрін немесе әрекеттерді (операциялардың) жүзеге асыруға лицензия	Егер өтініш беруші ретінде делдал шыққан жағдайда, Қазақстан Республикасының барлық мәмілелеге қатысуышыларының (лицензиялары (рұқсаттар) ұсынылады
4	Қазақстан Республикасынан импортталатын өнімді, қазақстандық тараптың келісімінсіз үшінші елдерге беруге жол бермеу немесе кері экспорттау үшін ғана мәлімделген мақсаттарда пайдаланылатыны туралы алушы елдің міндеттемелерінің бар болуы	Мыналарды: тауардың атауы мен санын; сыртқы сауда келісімшартының немесе өзге да иеліктен шығару құжатының нөмірі мен күнін; импортталатын өнімді мәлімделген мақсаттарда пайдалануды; Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау саласындағы уәкілетті органының келісімінсіз өнімді үшінші елдерге кері экспорттауға жол бермеуді көрсете отырып , алушы елдің құзыретті органы берген, түпкілікті пайдалануышының сертификаты*, халықаралық импорттау сефтификаты немесе	Алушы елдің құзыретті органды берген, түпкілікті пайдалануышының сертификаты, халықаралық импорттау сефтификаты немесе басқада кепілдік құжаттар.: 0- санатка; 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 - санаттарға жатқызылған өнімдердің (тек ядролық өнім берушілер топтары үшін) экспортты көзінде 1968 жылғы 12 маусымдағы Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа сәйкес ядролық мемлекеттерге экспорттау үшін ғана ұсынылмайды. Қазақстан Республикасының аумағына өнімді әкелу туралы растаушы құжаттарды ұсына отырып, өнімдерді өндірушіге қайтару кезінде ұсынылмайды; "Экспорттық бақылауға жататын өнімнің номенклатурасын (тізімін) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 5 ақпандығы № 104

		басқада кепілдік құжаттар.	қаулысына сәйкес "Экспорт және импорт кезінде ұлттық қауіпсіздік шенберінде бақыланатын, 0-9 санаттарымен қамтылмаған өнім" (атом энергетикасы, сондай-ақ азаматтық мақсаттағы пиротехника пайдалану саласында) 10 санатының экспортты кезінде ұсынылмайды
5	Делдалдық қызметті жүзеге асыру үшін сыртқы сауда мәмілесінің шетелдік қатысуышының рұқсатының бар болуы	Шетелдік қатысуышының уәкілетті мемлекеттік орган берген әскери мақсаттағы өніммен делдалдық қызметті жүзеге асыруға сыртқы сауда мәмілесінің шетелдік қатысуышының рұқсаты	Егер сыртқы сауда мәмілесінің шетелдік қатысуышы делдал ретінде әрекет еткен жағдайда. "Экспорттық бақылауға жататын өнімнің номенклатурасын (тізімін) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 5 ақпанды 104 қаулысына сәйкес тек "Әскери қолданылатын (мақсаттағы) тауарлар мен технологиялар" санатына жатқызылған өнімдер үшін
6	Экспорттық бақылаудың фирмаішілік жүйесінің болуы	"Сыртқы экономикалық қызметке қатысуышылардың (мәлімдеушілердің) экспорттық бақылаудың фирмаішілік жүйелеріне койылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 28 мамырдағы № 631 бүйрігіна (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11847 болып тіркелген) сәйкес өтініш беруші бекіткен экспорттық бақылаудың фирмамашілік жүйесінің бағдарламасы	"Экспорттық бақылауға жататын өнімнің номенклатурасын (тізімін) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 5 ақпанды 104 қаулысына сәйкес "Экспорт және импорт кезінде ұлттық қауіпсіздік шенберінде бақыланатын, 0-9 санаттарымен қамтылмаған өнім" (атом энергетикасы, сондай-ақ азаматтық мақсаттағы пиротехника пайдалану саласында) көрсетілген 10-санат өнімдері үшін ұсынылмайды

0 - санатқа жатқызылған өнімдер

7	<p>Бейбіт мақсаттарда алынатын өнімдердің пайдалануын және Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органының келісімінсіз оны кері экспорттауга немесе үшінші елдерге беруге жол бермеуді растау</p>	<p>Алынған өнімнің бейбіт пайдаланылуы туралы алушы елдің уәкілетті мемлекеттік органдар берген ресми күеландыру *</p>	<p>Ядролық қаруды таратпау туралы 1968 жылғы 12 маусымдағы шартқа сәйкес ядролық қаруы бар елдерге өнімді экспорттау кезінде ұсынылмайды;</p> <p>Қазақстан Республикасының аумағына өнімді экелу туралы растаушы құжаттарды ұсына отырып, өнімдерді өндірушіге қайтару кезінде ұсынылмайды.</p>
---	---	--	---

1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 – санаттарға жатқызылған өнімдер (тек ядролық өнім берушілер топтары үшін)

8	<p>Бейбіт мақсаттарда алынатын өнімдердің пайдалануын және Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органының келісімінсіз оны кері экспорттауга немесе үшінші елдерге беруге жол бермеуді растау</p>	<p>Алынған өнімнің бейбіт пайдаланылуы туралы импорттаушы елдің түпкілікті пайдаланушысы тарарапынан ресми күелантыру ***</p>	<p>1968 жылғы 12 маусымдағы Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа сәйкес ядролық қаруы бар елдерге өнімді экспорттау кезінде ұсынылмайды.</p> <p>Қазақстан Республикасының аумағына өнімді экелу туралы растаушы құжаттарды ұсына отырып, өнімдерді өндірушіге қайтару кезінде ұсынылмайды.</p>
---	---	---	---

Жарылғыш және пиротехникалық заттар (азаматтықты қоспағанда) мен олар қолданылып жасалған бұйымдар

9	<p>Қауіпті жүктерді халықаралық қатынаста тасымалдауга жіберілген көлік құралының бар болуы</p>	<p>"Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларын және Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауга жол берілетін қауіпті жүктердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 460 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік</p>	<p>Қазақстан Республикасының аумағында автомобиль</p>
---	---	--	---

		тіркеу тізілімінде № 11779 болып тіркелген) сәйкес көліктік бақылау саласындағы уәкілетті орган берген қауіпті жүктерді халықаралық катынаста тасымалдауга көлік құралын рұқсат беру туралы куәлік	көлігімен тасымалдаған жағдайда
10	1, 6 және 7 – сыныпты қауіпті жүкті тасымалдауды жүзеге асыруға арнайы рұқсаттың бар болуы	"Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларын және Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға жол берілетін қауіпті жүктердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 460 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11779 болып тіркелген) сәйкес көліктік бақылау саласындағы уәкілетті орган берген 1, 6 және 7 – сыныпты қауіпті жүгін тасымалдауды жүзеге асыруға арналған арнайы рұқсат	Қазақстан Республикасының аумағында автомобиль көлігімен тасымалдаған жағдайда

Тарау 2. "Экспорттық бақылауға жататын өнімнің номенклатурасын (тізімін) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 5 ақпандағы № 104 қаулысына сәйкес өнімнің импортын лицензиялауға арналған біліктілік талаптары және оларға сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесі.

p/c №	Біліктілік талаптары	Құжаттар	Ескертпе
1	2	3	4
1	Сыртқы сауда қызметін жүзеге асыруға тараптардың ниетін растау	Сыртқы сауда шарты (келісімшарт), оған барлық қосымшаларымен және (немесе) толықтыруларымен бірге, сыртқы сауда шарты (келісімшарты) болмаған жағдайда – тараптардың	

		ниеттерін растайтын өзге де құжат	
2	Егер өтініш беруші ретінде делдал шығатын болса, өнімді сатып алу жөніндегі тараптардың ниетін растау	Барлық толықтырулары мен қосымшалары бар сыртқы сауда мәмілесі, мәміле болмаған жағдайда – тараптардың ниетін растайтын басқа да құжаттар	Импорттаушыдан бастап түпкілікті пайдаланушыға дейін, мәмілелеге қатысушылар арасында шарттар ұсынылады
3	Оған қатысты ішкі нарықта рұқсат беру тәртібі енгізілген өнімнің айналымымен, пайдалануымен байланысты қызметті жүзеге асыруға арналған рұқсаттың бар болуы	"Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 16 мамырдағы сәйкес тиісті қызмет турін немесе әрекеттерді (операциялардың) жүзеге асыруға лицензия	Егер өтініш беруші ретінде делдал шыққан жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының барлық мәмілелеге қатысушыларының лицензиялары (рұқсаттар) беріледі

0 - санатқа жатқызылған өнімдер

4	Алынған өнімнің бейбіт мақсаттарда пайдалануын растау	Алынған өнімнің бейбіт пайдаланылуы туралы Қазақстан Республикасындағы түпкілікті пайдалануушы тарапынан ресми күәландыруі **	
5	Өнімді шығарған елді растайтын құжаттың бар болуы	Шығарған елдің құзыретті органдары берген өнімнің шығу тегі туралы сертификат	

1 - санатқа жатқызылған өнімдер (тек химикаттар үшін)

6	Химиялық өнімнің қауіпсіздік паспортының бар болуы	"Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын а сәйкес химиялық өнімнің қауіпсіздік паспортыны	
7	Отініш берушінің азаматтық-құқықтық жауаптылығын сактандыру шартының бар болуы	Үшінші тұлғаларға және қоршаған ортаға келтірілген зиянның орнын толтыру туралы өтініш берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сактандыру шарты	
	Сактау коймаларының жаңаларын салу немесе оларды қайта жаңарту	Мемлекеттік экологиялық	

8	кезінде мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысының бар болуы	сараптаманың оң қорытындысының көшірмесі	
9	Экологиялық талаптардың сақталуы	Қалдықтарды, оның ішінде пайдаланылған өнімнің ыдыстарын кәдеге жаратуға, сақтауга және көмүге кәсіпорынмен жасалған шарттың көшірмесі және тауарды одан әрі тұтынушыларға сату үшін келісімшарттарда (шарттарда) пайдаланылған өнімнің ыдысын міндетті түрде қайтару көзделуі қажет	егер өтінім беруші ретінде делдал әрекет еткен жағдайда
10	Келісімшарттарда (шарттарда) экспорттаушыға ақаулы өнімді қайтару тәртібі көрсетілген тармақтың бар болуы	(Экспорттаушыға ақаулы өнімді қайтару туралы міндеттеме көрсетілген келісімшарт (шарт)	
11	Кауіпті жүктерді халықаралық катынаста тасымалдауға жол берілген көлік құралының бар болуы	"Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларын және Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға жол берілетін қауіпті жүктердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндеттін атқаруышының 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 460 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11779 болып тіркелген) сәйкес көліктік бақылау саласындағы уәкілетті орган берген қауіпті жүктерді халықаралық катынаста тасымалдауға көлік құралдарына рұқсат беру туралы куәлік	Автомобиль көлігімен тасымалдаған жағдайда

12	<p>1, 6 және 7 - сыныпты қауіпті жүкті тасымалдауды жүзеге асыруға арналған арнайы рұқсаттың бар болуы</p>	<p>"Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларын және Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік күралдарымен тасымалдауға жол берілетін қауіпті жүктердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 460 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11779 болып тіркелген) сәйкес көліктік бақылау саласындағы уәкілетті орган берген 1, 6 және 7 – сыныпты қауіпті жүкті тасымалдауды жүзеге асыруға берілген арнайы рұқсат</p>	<p>Автомобиль көлігімен тасымалдаган жағдайда</p>
----	--	--	---

1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 - санаттарға жатқызылған өнімдер (тек ядролық жеткізушилер топтары үшін)

13	<p>Бейбіт мақсаттарда алынатын өнімдердің пайдалануын және Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдының келісімінсіз оны көрі экспорттауға немесе үшінші елдерге беруге жол бермеуді растау</p>	<p>Алынған өнімнің бейбіт пайдаланылуы туралы Қазақстан Республикасындағы түпкілікті пайдаланушы тарапынан ресми куәлантыру***</p>	<p>Сатып алу-сатудың сыртқы экономикалық келісімшартының (шарт) немесе сыртқы сауда-саттық мәмілесі қатысуышылары арасындағы өзге иеліктен шығару құжаттарының мәтініндегі куәландырулардың болуына жол беріледі.</p>
----	---	--	---

Ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан бақыланатын өнімдер (атом энергиясын пайдалану саласындағы)

14	<p>Өнімді Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға арналған рұқсат</p>	<p>Медициналық бұйымға арналған тіркеу куәлігі</p>	<p>Тек медициналық жабдықтар үшін</p>
----	---	--	---------------------------------------

Жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдарды

	<p>Жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдарды</p>	<p>Еуразиялық экономикалық одакқа мүше – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы</p>	
--	--	---	--

15	тұрақты қолдануға рұқсаттың болуы	үәкілетті орган берген жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдарды тұрақты қолдануға рұқсат	
16	Кауіпті жүктерді халықаралық қатынаста тасымалдауға жол берілген көлік құралының бар болуы	"Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қагидаларын және Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға жол берілетін қауіпті жүктердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 460 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11779 болып тіркелген) сәйкес көліктік бақылау саласындағы үәкілетті орган берген қауіпті жүктерді халықаралық қатынаста тасымалдауға көлік құралын рұқсат беру туралы куәлік	Автомобиль көлігімен тасымалдаған жағдайда
17	1, 6 және 7 – сыныпты қауіпті жүкті тасымалдауды жүзеге асыруға арнайы рұқсаттың бар болуы	"Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қагидаларын және Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға жол берілетін қауіпті жүктердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 460 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11779 болып тіркелген)	

		сәйкес көліктік бакылау саласындағы уәкілетті орган берген 1, 6 және 7 – сыныпты қауіпті жүкті тасымалдауды жүзеге асыруға арналған арнайы рұқсат	Автомобиль көлігімен тасымалдаған жағдайда
--	--	---	---

Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдар

18	А заматтық пиротехникалық заттар мен бұйымдарды сатып алуға арналған рұқсаттың бар болуы	Аумактық ішкі істер органы берген азаматтық пиротехникалық заттар мен бұйымдарды сатып алуға берілген лицензияның көшірмесі	
19	1-4 сыныптағы азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтауға арналған рұқсаттың бар болуы	"Азаматтық және қызыметтік қару мен оның патрондарының, а заматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдардың айналымы саласындағы, атыс тирлерін (атыс алаңдары) және стенділерді ашуға және олардың жұмыс істеуіне рұқсаттардың және (немесе) оларға косымшалардың нысандарын бекіту және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2018 жылғы 19 ақпандагы № 133 бұйрық ына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16733 болып тіркелген) сәйкес аумактық ішкі істер органы заңды тұлғаларға берген азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтауға арналған рұқсат	Өнеркәсіптік жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтауга лицензиясы бар 4- сыныпты үйимдарға, а заматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтау шартын ұсынуға жол беріледі

*алушы елдің құзыретті органы берген түпкілікті пайдаланушының
сертификаты, халықаралық импорттау сефтификаты немесе басқада кепілдік

құжаттарның бейбіт мақсатта пайдалану туралы растамалар түпнұсқалылығын тексеруді Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі жүзеге асырады.

**** Растамалар:**

түпкі пайдаланушы, сыртқы сауда келісімшартының және (немесе) өзге иеліктен шығару құжатының нөмірі мен күні, тауардың саны туралы ақпаратты;

алынған өнімді пайдалану мақсаттары мен орналастыру орындары туралы ақпаратты;

алынған ядролық экспорт (импорт) заттары, сондай-ақ олардың негізінде немесе оларды пайдалану нәтижесінде өндірілген ядролық және арнайы ядролық емес материалдар, қондырғылар және жабдықтар туралы міндеттемелерді;

мәлімделген мақсаттарда қолданылатынын;

ядролық қару және басқа ядролық жарылғыш құрылғыларды өндіру үшін немесе белгілі бір әскери мақсатқа қол жеткізу үшін пайдаланылмайтындығын;

оларды нақты пайдаланудың барлық мерзімі ішінде Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің (бұдан әрі – АЭЖХА) кепілдігінде болатындығын;

АЭЖХА ұсынған деңгейлерден төмен болмайтын жеке қорғау шараларымен қамтамасыз етілетіндігін;

жоғарыда көрсетілген шарттарда көзделген жағдайларда және Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау саласындағы уәкілетті органының жазбаша келісімі болған кезде кері экспортталатындығын (экспортталатындығын) немесе алушы елдің занды құзырынан берілетіндігін қамтуы тиіс.

***** Растамалар:**

түпкілікті пайдаланушы, сыртқы сауда келісімшартының және (немесе) өзге иеліктен шығару құжатының нөмірі мен күні, тауардың саны туралы ақпаратты;

алынған өнімді пайдалану мақсаттары мен орналастыру орындары туралы ақпаратты;

алынған ядролық экспорт (импорт) заттары, сондай-ақ олардың негізінде немесе оларды пайдалану нәтижесінде өндірілген ядролық және арнайы ядролық емес материалдар, қондырғылар және жабдықтар туралы міндеттемелерді;

ядролық қару және басқа ядролық жарылғыш құрылғыларды өндіру үшін немесе белгілі бір әскери мақсатқа қол жеткізу үшін қолданылмайтындығын;

АЭЖХА кепілдігіне қойылмаған ядролық отын циклы саласындағы қызметте қолданылмайтындығын;

жоғарыда көрсетілген шарттарда көзделген жағдайларда және Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау саласындағы уәкілетті органының жазбаша келісімі болған кезде кері экспортталатындығын (экспортталатындығын) немесе алушы елдің занды құзырынан берілетіндігін қамтуы тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК